

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ АДАМИ
ӘЛЕУЕТТІ ДАМЫТУ БАСҚАРМАСЫНЫң

«КЕЛЕС АУДАНЫНЫң
АДАМИ ӘЛЕУЕТТІ ДАМЫТУ
БӨЛІМІ»
мемлекеттік мекемесі



160905, Абай ауданы, А.Жылқышев аллеясы №2

тел./факс: 8 (72532) 3-15-82.

Государственное учреждение
«ОТДЕЛ РАЗВИТИЯ
ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО
ПОТЕНЦИАЛА
КЕЛЕССКОГО РАЙОНА»
управления развития
человеческого потенциала
Туркестанской области

160905, с. Абай, аллея А. Жылқышева №2

тел./факс: 8 (72532) 3-15-82.

14 09 2022 № 834

Мектеп директорларына

Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасының 08.09.2022 жыл №27-06-08/4465 санды шығыс хатына сәйкес Келес ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімі «Окуға құштар мектеп» жобасы аясында «Кітапханаға кітап сыйла!» бір айлық аудандық кайырымдылық акциясын ұйымдастырады.

Максаты- кітапханалары жоқ мектептердің кітап корын заманауи басылымдармен толықтыру.

Атаулы акцияға жалпы білім саласының байырғы және қәзіргі қызметкерлерін, мектеп түлектерін, ата-аналарды, қоғамдық емес ұйымдарды кітаптар сыйлауға шакырамыз.

2000 жылдан бастап жарық көрген, жақсы жағдайда сақталған қазак, орыс және ағылшын тілдеріндегі: ғылыми, тарихи, көркем және балалар әдебиет тақырыптарындағы заманауи әдебиеттер қабылданады.

Білім беру ұйымдары ағымдағы жылдың 10 қазанына дейін акция барысында жинақталған кітаптар туралы есепті ұсынылған кестеге мектеп директорының колы және мөрімен zhajsan87@bk.ru электронды поштасына жолдауды тапсырамын.



Б.Абдиев

Орындаған: Ж.Оразбаева

87026275487

ТУРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ
АДАМИ ӘЛЕУЕТТІ
ДАМЫТУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
КЕЛЕС АУДАНЫНЫҢ АДАМИ
ӘЛЕУЕТТІ ДАМЫТУ
БӨЛІМІНІң «№1 ОМАР ЕСІМОВ
АТЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ ОРТА
БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ»
КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

Абай ауылды, Ә.Сатбаев көшесі №14 А

БҮЙРЫҚ

№ 66 10.10.2022

Абай ауылы

КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
“ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ
СРЕДНЯЯ ШКОЛА №1 ИМЕНИ
ОМАРА ЕСИМОВА” ОТДЕЛА
РАЗВИТИЯ ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО
ПОТЕНЦИАЛА КЕЛЕССКОГО
РАЙОНА УПРАВЛЕНИЯ РАЗВИТИЯ
ЧЕЛОВЕЧЕСКОГО ПОТЕНЦИАЛА
ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

Село Абай, улица А.Сатбаев №14 А

ПРИКАЗ

№ 66 10.10.2022

село Абай

«Кітапханаға кітап сыйла»

«Келес ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі 14.09.2022жылдың №834 нұк бүйрығын басшылыққа ала отырып

Бұйырамын:

1. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Кітапханаға кітап сыйла!» бір айлық қайырымдылық акциясын ұйымдастырылсын.

2000 жылдан бастап жарық көрген, жақсы жағдайда сақталған казак, орыс және ағылшын тіліндегі: ғылыми, тарих, көркем және балалар әдебиеті тақырыбындағы заманауи әдебиеттер кабылдансын.

2. Осы бүйрыктың орындалуы мен қадағалау кітапхана менгерушісі
Б.Урунбаеваға жүктелсін.

Негіз: «Келес ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі 14.09.2022ж №834нұк бүйрығы.

Мектеп директорының муралы Б.Бухраев.



Орындаған: Г.Дүйсенова

«Бекітемін»
 № 1 О.Есімов жалпы орта мектебі
 коммуналник мемлекеттік мекемесінің
 директорының м.у.а.
 1. Бухарбаев

№ 1 Омар Есімов атындағы жалпы орта мектебінің кітапхана менгерушісінің 2022-2023 оқу
 жылындағы «Оқуға құштар мектеп» жобасына жасаган жоспары.

Жобаның мақсаты : Оқу мәртебесін, оқу белсенділігі және оқу сапасын арттыру, балалар мен
 жастардың мәдени және оқу құзыреттілігін дамыту, сондай-ақ жас үрпақ бойында жоғары
 азаматтық және рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру.

№	Откізілетін іс - шара	түрі	мерзімі	Жауапты
1	«Мектеп-кітапхана-отбасы» Ахмет Байтұрынов 150 жыл. «Ұлттың ұлы ұстазы» атты портрет кешін ұйымдастыру	Кеш	қыркүйек	Урунбаева Б Камбарова М
2	«Оқуға құштар ата-ана – оқуға құштар бала» «Оқырман достар» М.Маметованың 100 жылдығына орай 5-7 сыныптар арасында әдеби кеш ұйымдастыру.	Әдеби кеш	қазан	Урунбаева Б Камбарова М
3	Мектеп дәлізінде «Boccrossing» бұрышын ұйымдастыру. «Отты жылдар жаңғырығы» Т.Бигельдиновтың 100 жылдығына орай пікір алмасу кешін ұйымдастыру.	Пікір алмасу кеші	қараша	Урунбаева Б Камбарова М
4	Кітапхананың әдеби қорын ұлғайту мақсатында «Ерікті кітап өзкізуши» акциясын ұйымдастыру	Акция	үнемі	Урунбаева Б Камбарова М
5	16 желтоқсан – ҚР Тәуелсіздігіне мерекесіне орай «Тәуелсіздік – баға жетпес байлық» атты библиопост ұйымдастырып, әлеуметтік желілерде жариялау.	Библиопост	желтоқсан	Урунбаева Б Камбарова М
6	«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында оқырмандардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында М.Мақатаевтың туған күніне орай «Поэзия кешін» онлайн форматта ұйымдастыру. Мектептің,сынып жетекшілердің чаттарына салу.Әлеуметтік желілерде жариялау.	«Поэзия кеші» онлайн форматта	қантар	Урунбаева Б Камбарова М
7	«Оқуға құштар мектеп» жобасын жүзеге асыру мақсатында «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясына библиографиялық шолу жасау,әлеуметтік желілерде жариялау. «Кел балалар,окылық!» кітапхана клубының жұмысын жалғастыру	Библиогр. Шолу Клуб	Жыл бойы	Мектеп директоры, Урунбаева Б Камбарова М
8	«Менің отбасым- оқырман» оқу марафонын ұйымдастыру.	Марафон	ақпан	Урунбаева Камбарова М
9	«Оқу сағаты» әр сәрсенбіде мектеп бойынша жаппай 20 минут кітап окуды ұйымдастыру	Оқу сағаты	Жыл бойы	Урунбаева Б Камбарова М
10	«Bookdating» жобасы бойынша 10 сыныптар арасынды кітапқұмарлар клубын ұйымдастыру.	Клуб	наурыз	Урунбаева Б Камбарова М
11	«Буктрейлер» 8-9 сыныптар арасында бейнероликтер сайысын ұйымдастыру.	Буктрейлер	сәуір	Урунбаева Б Камбарова М
12	9 мамыр- Ұлы Женіс күніне орай «Желбіре, Женіс жалауы!» кітап көрмесін ұйымдастыру	Көрме	мамыр	Урунбаева Б Камбарова М

Дайындаған : кітапханашылар

Қазақстан Республикасы
Түркістан облысы
Келес ауданы Абай ауылы
№1 О.Есімов жалпы орта мектебі
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Ахмет Байтурсынұлының 150 жылдығы

«Ахмет Байтұрсынұлы – Ұлттың ұлы ұстазы»

Портрет кеші

/ 7 сыныптар арасында /


2022-2023 оку жылы

Қазақстан Республикасы
Түркістан облысы
Келес ауданы
«№ 1.О.Есімов жалпы білім беретін орта мектебі» КММ

Халықтың мәңгі ғұмыры оның - тілінде

Сайыс сабак

/5 сыныптар арасында/



Қазақстан Республикасы
Түркістан облысы
Келес ауданы
«№ 1.О.Есімов жалпы білім беретін орта мектебі» КММ

XXI Ғасырдағы қазақ тілі

5-қыркүйек тіл мерекесіне арналған тәрбиелік сабак

Дайындаған: Урунбаева Б.
Қамбарова М.

Абай ауылы.

Желтоқсанда үзілген жауказындар.

Мақсаты: елін, жерін, тілін құрметтейтін, өз Отанын сүйетін азамат қалыптастыру;

от жүректі, ожет мінезді ұл-қыздардың ерлік істеріне мәнгі құрмет көрсетуге баулу;

патриоттық сезім қалыптастыру.

Көрнекілігі: Желтоқсан құрбандарының суреттері, кітап көрмесі.

Кітапханашы: Құрметті оқушылар! Дүниені дүр сілкіндірген, Тәуелсіздік туын көтерген әйгілі 1986 жылдың желтоқсанына арналған «Желтоқсанда үзілген жауказындар» атты кешімізге хош келдіңіздер!

- Балалар, біздің тәуелсіздік алғанымызға неше жыл болды?
- Желтоқсан оқиғасына неше жыл болды?
- Тәуелсіз мемлекет ретінде біздің қандай рәміздеріміз бар?
- Біздің Президентіміз кім?
- Мемлекеттік тіліміз қай тіл?

Балалар, біз осы тәуелсіздікке онайлықпен қол жеткізген жоклыз. Оның бір көрінісі –

Желтоқсан оқиғасы.

Желтоқсан оқиғасы өзінің қайсарлығымен, алға қойған мақсат-мұратымен, тіпті жіберілген

кемшіліктерімен де әрбір адамның есінде мәнгі сақталады.

1986 жылы Желтоқсан оқиғасы казактың басын біріктіріп, бір жұдышынка жұмылдырған бақытты да қайғылы күн еді. Желтоқсан жаңғырығы көзден де, көңілден де кетер емес. Бүкіл бір ұлттың сүйегіне таңба түсіріп, әділеттес з шешім қабылдан, халықтың ар-намысы таразыға салынған сына сағатта дүлей күшке қаймықтай қарсы шықкан жастардың ерен еңбегі үрпакқа үлгі. Осыдан 36 жыл бұрын, яғни 1986 жылы Алматының бас аланына жастар жаман оймен барған жок.

Олар бейбіт жолмен тәуелсіздікке кол жеткізу үшін қатысады. Енді міне, осы Желтоқсан көтерілісінекатысан ағаларымыз бер апаларымыздың аркасында ата-бабаларымыз үш ғасырға жуық уақыт бойы армандаған тәуелсіздікке кол жеткіздік. Бұл оқиға дүниені дүр сілкіндірді. Бұл Желтоқсан көтерілісіне ел азында жүрген, тарихта аты қалған Қайрат Рысқұлбеков, Ләzzат Асанова, Сабира Мұхаметжанова, Ербол Сыпатаев сияқты ағаларымыз бер ағаларымыз қатысты.

1-окуши; Әдемі

Желтоқсан – заман толғагы байтақ даланың

Шарпысқан сәті үміт пен күдік, наланың.

Қайрат, Ләzzат пен Сабира

Құрбаны болған жаланың,

«Нашақор» деп, «Ұлтшыл» деп

Қазаққа күйе жаққан күн.

Базары кетіп бір күнде,

**Белгілі жазушы – драматург Дулат Исабековтың тұылғанына
80-жас толуына орай откізілетін «Тың тақырып тарланы»
атты әдеби кештің сценарийі**

Кеш откізілетін уақыт;

27 желтоқсан. 2022 жыл

Кеш откізілет орын;

О.Есімов мектебінің

Кеш откізілетін орында безендіру;

кітапханасында.

«Ұлтын сүйген дара тұлға» атты кітап көрмесін ұйымдастыру.

Жүр. : Саламатсыздар ма Құрметті оқырмандар !

Халқымыздың көрнекті жазушысы, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының иегері Дулат Исабековтың 80-жас толуана орай «Тың тақырып тарланы» атты әдеби кешімізді бастауға рұқсат етініздер.

60 – жылдарда қазақ әдебиетіне өзіндік ерекшелігімен келген классик жазушылардың қатарындағы көзі тірісі. Қазақ әдебиетінің қадірлі ақсақалы Дулат Исабеков 80 –нің сенгіріне шықты. Дулат Исабеков жазушы, драматург, «Құрмет» орденінің иегері, халықаралық «ПЕН-клубы» және платиналы «Тарлан» сыйлықтарының лауреаты. Белгілі жазушының екі туған күні, екі есімі бар екенін бірі білсе, бірі біле бермиді.

Жүр. : Дулат Исабеков 1942 жылы 20 желтоқсанда қазіргі Түркістан облысы Сайрам ауданында туған. Орта жүздің Қонырат руынан шыққан. Ата-анасы туғанда Нысанбай деп азан шақырып ат қойған, алайда Мәүлен деген атасының "Дулат деп қойындар" деген сәлемдемесінен кейін екінші рет азан шақырып, атын Дулат деп өзгертилті.

Әкесі соғыска((кеткенде Дулат Исабеков жөргектегі бала болған. Содан танымайтын елдің ортасында, бес баланы құшақтап анасы Күмісгүл жалғыз қалады. Осында жағдайда балалар ауырып, әсіресе үйдің кенжесі Дулат аурушаң болып, қатты сырқаттанып қалады. Бала тірі қалмайды дегенді естіген анаға бір күні Дулаттың қайтыс болғанын айтады.

"Кішкентай кезімде өліп қалып, дәлізге шығарып тастанап, таңертең жерлейміз деп жатқанда бір кемпір келіп бетімді ашып қараса, өлудің орнына ыржып жатыр екенмін. Сол кезде кемпір "Күміскүл-ау, мына балаң тірі фой" деген. Олар мені адам болмайды деп өлімге мойынсұнған фой. Тірі екенімді білген соң шешем шын жылапты. Ал арғы жақта менің көрімді қазып, баланы әкелсін деп адам жіберген", - дейді жазушы сәби күндегі оқиға туралы.

Дулат Исабеков 1966 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетін бітірген.

Кітапханадағы бір күнім.

Мәссағаты: - білімнің кітап арқылы берілетінін, адам өміріндегі маңызын, ғылым мен білімнің пайдасын түсіндіру; кітапқа деген қызыгушылығын арттыру, білімге құштарлығын ояту, кітапты таза ұстауга, тазалыққа, мейірімділікке баулу, тәрбиелу.

Әдісі: сайыс сабак.

Барысы

Кітапханашы: Кітапхана – білім бұлагының көзі болып табылатын рухани орда. Қоғамның өсуі, адамзаттың өсіп – еркендеуі кітаппен тығыз байланысты. «Кітап – білім бұлагы» демекші, осынау білімнің мөлдір бұлагынан шәкірттерді сусындарын, олардың рухани дүниесін молайтып, тағылымы мол тәрбие ошағына айналып отырган кітапхананың мектептегі орны ерекше. Кітапхана заманауи жабдықталып, бала үшін ынғайлы әрі қызықты болуы керек. Сондықтан да бүгінгі кітапханадағы бір күнімізді сайыс түрінде өткізгелі отырымыз. Сайысмыз 5 айналымнан тұрады. Окушыларымыз екі топка бөлініп, топтық сайыс болады.

I-айналым: Мақалышылар сайысы. I дұрыс жауапқа I ұпай беріледі.

Әр топқа 5 мақалдың бастапқы жолы айттылады, келесі жолын мақалышылар жалғастыру керек.

- 1.Өз елім ... (өлең төсегім)
- 2.Балапан ұяда не көрсе ... (ұшқанда соны іледі)
- 3.Қыз – халықтың гүлі ... (өлең – сауыктың гүлі)
4. Жақсы кісі байқап сөйлер ... (жаман кісі шайқап сөйлер)
- 5.Ананың көнілі балада ... (баланың көнілі далада)
- 6.Балалы үйдің ... (ұрлығы жатпас)
- 7.Қарағайға қарап тал өсер ... (катарына қарап бала өсер)
- 8.Жақсылық ағаш басында ... (жамандық аяқ астында)
- 9.Сөзің тітті болсын ... (ашуың қатты болсын)
- 10.Талаптың жолы ... (тастан да ауыр)

Келесі айналым «Кім тапқыр?» деп атаплады.

5 сөз айттылады, сендер сол сөздерге мақал құрастыру керексіндер.

1-топқа :адам көркі, жүйрік ат, дос, егін, оку

1/Адам көркі – шүбірек

Ағаш көркі – жапырақ.

2/Ат жүрігі бәйге алар

3/Жұз сомың болғанша, жұз досың болсын

4/Не ексең соны орасың

5/Оку – білім азығы, білім ырыс қазығы

2-топқа: Отан, еңбек, білім, өнер, бала

1/Отан оттан да ыстық.

2/Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей.

3/Білім инемен құдық казғандай.

4/Өнер алды қызыл тіл.

5/Балалы үйдің ұрлығы жатпас.

Келесі 3- айналым –«Ойлан, тап», яғни жұмбақ шешуден жасарыс .Әр топқа жеке-жеке жұмбақ жасасырамыз.

1/Сылдырыдан қорқады,

Шошынып жортады. (коян)